

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ҒЫЛЫМИ
ТАНЫМ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

Нұрланқызы Ұлболсын

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің, Әлеуметтік Ғылымдар
Факультетінің, ӘПЖӨӨТ- 41 тобының 4 курс студенті, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі: Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Меңлібекова Гульбахыт Жолдасбековна

Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыстың дамуы еліміз егемендігін алған жылдан басталып, жаңа жүйеге енуі нарықтық экономиканың дамуы, мемлекеттік реттеудің маңызды компоненті әлеуметтік жұмыстың анықталуына әкелді. Қазақстан Республикасының Президенті -Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан дамуының басты 10 бағыты қарастырылған болатын. Адам капиталы ретінде білім беру саласында оқытудың жаңа әдістері мен технологиясын ендіру мен мамандардың сапалы дайындалуына көп көңіл бөлінді.

Елімізде соңғы кездері әлеуметтік-педагогикалық жұмыс басты назарға алынып отыр. Қазіргі жаһандану заманында қоғамның қарым-қатынастар жүйесінің өзгеруі, педагогикалық ойлаудың негіздерін, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибеде (педагогикалық орындалуы тұрғысынан) тұлғалық-қоғамдық мәселелерде нақты, тиімді шешімдер қабылдай білу қабілеті мен дағдыларын игеруді қажет етеді.

ТМД елдерінде әлеуметтік педагогтерге деген қажеттілік мамандар даярлайтын оқу орындарының пайда болуынан бұрынырақ туындады. Әлеуметтік-педагогикалық қозғалыстар КСРО-да XX ғасырдың 20-30 жылдарында белсенді жүрді. Алайда оның дамуының негізгі тенденциялары бұл қозғалыс ұмыт болғаннан кейін тек XX ғасырдың 60 жылдарында ғана анықталды және эмпирикалық тәжірибе жинақтау кезеңі болды. Осы жүйеде тәрбиелік қызметке арнайы бағытталған жұмыскерлерді (сыныптан тыс, мектептен тыс мекемелердің жұмыскерлерін, ұйымдастырушы педагогты және т.б.) дайындау жүзеге асырылды.

XX ғасырдың 70-80 жылдары тәжірибеде қол жеткізген нәтижелер мен қоғамдық қажетті әлеуметтік-педагогикалық жұмыс сапалы жаңа деңгейге көтерілді. Кезеңнің айқын табысы ретінде алғаш Мәскеу, Санкт-Петербург, Свердловск және т.б. қалаларындағы әлеуметтік-педагогикалық кешендерді атауға болады. Балалармен және жастармен мақсатты әлеуметтік-педагогикалық жұмыс идеясы орнықты, бірақ бұл жұмыс материалдық қамтамасыз етілмеудің, мамандардың жеткіліксіздігінің немесе олардың мүлдем жоқтығының салдарынан кешеуілдеді. 1990 жылы «әлеуметтік педагог» лауазымы бекітілді. 1988-1991 жылдары УҒЗК «мектеп-шағын аудан» деген бірқатар тәжірибелер өткізілді. Сөйтіп Ресейдің 50-ден астам жоғары оқу орындары жаңа бағыттағы мамандарды даярлауға кірісті. Қазақстанда Қарағанды қаласындағы Е.А. Бөкетов атындағы мемлекеттік университетінің әлеуметтік факультетінде 1992 жылдан басталды.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Қазақстанда білім берудің жүйесіндегі әлеуметтік педагогтің жұмыс теориясының қалыптасуы қазіргі жалпы әлеуметтік жұмыстың негізі болып табылады. Қоғамда орын алған әлеуметтік мәселелер осы негізгі теориялардың барысында реттеліп, өзінің оңтайлы шешімін тауып отырады. Әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды, нақтылы оқушылардың әлеуметтік жағдайын талдап, бағалай білу, әлеуметтік мәселелерді тиімді шешудің жолдары мен тәсілдерін білікті түрде анықтауда осы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың алар орны орасан зор.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс қоғамдық тәжірибе ретінде, әлеуметтік тарихи кезеңнің маңызды ерекшеліктерімен, адам мен адамзаттың, әрбір қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік даму кезеңі құрылымымен тығыз байланысты. Тәжірибенің айқындылығы

теориямен, теориялық ұғынумен түсіндіріліп, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ғылыми таным объектісі болып табылады

Жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мәселесі Б.С. Гершунский, Н.П. Ищенко, Э.Ш. Камалдинова, И.С. Кон, Б.Д. Парыгин, А.И. Пригожин, Г.Л. Смирнов, Ю.В. Сычев, А.Г. Спиркин, В.Б. Устьянцев, Л.В. Филиппов, Г.Н. Филонов және тағы басқа философтардың еңбектерінде көрініс табады.

Баланың тұлғалық дамуына әлеуметтік ортаның ықпалы туралы А.А. Бодалев, В.Г. Бочарова, Л.В. Ершова, И.Н. Закатова, И.С. Кон, И.В. Неретин, Л.И. Новикова, В.Д. Семенов, Н.Ф. Шинкаренко, А.Б. Фомина еңбектерінде қарастырылған.

Әлеуметтік - педагогикалық жұмыс ең алдымен негізгі философиялық (В.Г. Афанасьев, В.С. Барулин, Л.П. Буева, Э.В. Ильенков, А.И. Уледов және т.б.) және психологиялық (Б. Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, М.И. Бобнева, А.В. Петровский) ой - пікірлерге сүйенді.

Педагогика және психология ғалымдары П.П. Блонский, А.М.Гельмонт, В.В. Зеньковский, Н.Н. Иорданский, М.В. Крупенина, А.С. Макаренко В.А. Сухомлинский, В.Н. Шульгин, В.Н. Сорока-Росинский, С.Т. Щацкий өз еңбектерінде елеулі қызығушылық танытқан.

Әлеуметтік-педагогикалық проблемалардың қазіргі заманауи теория аспектілерін Ю.Г. Абрамова, А.И. Арнольдов, А.Н. Басов, И.В. Бестужев – Лада, Н.И. Болдырев, В. Г. Бочарова, Б.З. Вульф, А.Ю. Гордин, Р.Г. Гурова, М.А. Ковальчук, И.А. Липецкий, Д.В. Лифинцева, Б.Т. Лихачев, В.Д. Семенов, В.Сенько, Б.Ю. Шопиро және тағы басқа ғалымдар дамытқан болатын.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа мамандарды даярлау мәселесін О.А. Абдуллина, В. Г.Бочарова, М.П. Гурьянова, В.И. Загвязинский, Е.Е. Кузмина, Г.Д. Кузнецова, В.Ш. Масленникова, А.В. Мудрик, Л.М. Недыгало В.А. Никитин, С.В. Тетерский, В.Д. Семенов, В.А. Сластенин, М.Д. Ягафарова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Қазақстанда болашақ педагогтерді әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа даярлау мәселелері Н.Д. Хмель, Б.И. Мұқанова, Г.А. Уманов, С.С. Досанова, К.К. Жанпейсова, Л.К. Керимов, В.А. Ким, К.Ж. Қожахметова, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Әлеуметтендірудің теориялық және қолданбалы аспектілері А.Г.Казмағамбетов, З.У. Кенесарина, А.Н.Тесленко, Т.Г.Бортко, Т.Н.Кемайкина, Я.Н.Оспанова, Г.Т.Хайруллин және басқа ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды.

Кез-келген іс-әрекет сияқты әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың біртұтас жүйе ретінде, негізгі қызметтерді орындайтын, әрбір элементі қажетті және олар бір-бірімен тығыз байланысты болатын, өзіндік мақсаты, міндеті, құрылымы болады. Барлық құрылым біртұтас қызмет пен мақсаттарды байланыстыратын субъектіден, басқару құралдары мен мазмұнынан, нысандардан тұрады.

Әлеуметтік - педагогикалық іс-әрекеттің нысаны – әр түрлі көмекке мұқтаж адамдарға, балаларға, олардың ата-аналарына, ұстаздарға қызмет жасау болып табылады. Негізгі субъектісі – әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жүргізетін және басқаратын адамдар мен ұйымдар. Педагогтердің әлеуметтік- педагогикалық жұмысының негізгі мақсаты – әлеуметтік-тұлғалық қалыптасудың маңызды факторы ретінде әлеуметтік тәрбие ортасын құру.

"Әлеуметтік жұмыс" және "әлеуметтік - педагогикалық жұмыс" ұғымдарының мәніне талдау жасау оның таным объектісі ретіндегі орнын белгілеуге мүмкіндік берді.

1-кесте

«Әлеуметтік жұмыс» және «әлеуметтік - педагогикалық жұмыс» ұғымдарының салыстырмалы кестесі

Р /с	Авторы(кітап, сөздік, мақала атауы)	Әлеуметтік жұмыс	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс
------	-------------------------------------	------------------	--------------------------------

1.	Воронин А.С. «Словарь терминов по общей и социальной педагогике», Екатеринбург, 2006	- педагогикалық процесте тәрбиелеу, дамыту, жеке оқушының өзін-өзі жетілдіру, еркін және шығармашылық мүмкіндіктерін таңдай білуде оңтайлы жағдай құруға бағытталған кәсіби қызмет	әлеуметтік-педагогикалық мақсат, педагогикалық құралдар, қызмет барысы мен тиісті нәтиже арқылы жүзеге асырылатын тұлға іс - әрекеті
2.	Әлеуметтік педагогика: Дәрістік курс: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы/.Ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. ВЛАДОС Баспасы, 2003	білім беру стандарттары, оқу жоспары, оқу бағдарламалары каншалықты нормативтік сипатқа ие екендігін анықтап, білім беру және тәрбиелеу нысандары мен құралдарын, әдістемелік әдебиеттер мен оқу процесінің басқа да бөлімдерін пайдалануды көздейді. Барлық балалардың белгілі бір білім беру деңгейлерінен өтуін қарастыратын үздіксіз, жүйелі сипатқа ие	әлеуметтену процесі кезінде балаға көмек көрсетуге, әлеуметтік-мәдени тәжірибесін дамытуға, қоғамда өзін-өзі іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған кәсіби қызметтің бір түрі
3.	Общие основы педагогики; О.С.Гребенюк, М.И.Рожков.,- Владос-Пресс,2004	оқытушы мен оқушы арасындағы өзара іс-қимыл сапасы арқылы анықталатын, негізгі фактор педагогикалық мақсат болып табылатын динамикалық жүйе	Әлеуметтендіру–тұлғаның әлеуметтік қатынастар жүйесімен ықпалдасуын, әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтармен (топтық, әлеуметтік институт, әлеуметтік ұйым), мәдениетпен байланысын, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар; әлеуметтік жеке сапалық қасиеттерінің дамуын, әлеуметтік рөлдерді игеру даярлығын қалыптастыру болып табылады
4.	Овчарова Р.В. Справочная книга социального педагога М.:ТЦ Сфера, 2004		бұл білім беру және әлеуметтік салаларда туындайтын әлеуметтік проблемаларды, балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін, халық мәдениеті дәстүрлері мен салты негізінде, сондай-ақ назарға облыс, ауданның нақты әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, шешуге бағытталған процесс
5.	Писарев В.Е., Писарева Т.Е., Теория педагогики - Воронеж: Баспасы «Кварта», 2009.	рухани және практикалық тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі тұлғалық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін іс-әрекет болып табылады.	

		Әлеуметтік жұмыс ғылыми және тәжірибелік болып 2 түрге бөлінеді	
6.	Сластенин В.А, «Педагогика». - М., 1998	бұл тұлғаның үйлесімді дамуын шешу максатымен тәрбие беру ортасын ұйымдастыру және тәрбиенушілердің әр түрлі іс - әрекетін басқару жұмысы	
7.	М.В. Фирсов «Введение в теоретические основы социальной работы» (историко-понятийный аспект). М:«МОДЭК», 1997.		қоғамдағы түрлі категориялардағы көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беруге бағытталған іс - әрекет
8.	Теория социальной работы: Оқулық/ Ред. проф. Е.И. Холодовой. - М.: Юрист, 1998.		тұлғаның, отбасының, әлеуметтік топтардың әлеуметтік құқықтарын қорғау, әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі болатын физикалық, психикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік кемшіліктерін түзетуге бағытталған іс- әрекет
9.	Әлеуметтік педагогика: энциклопедия. Ред.И.Д.Зверевой. -Киев, 2008		тұлғаны және оның қоршаған ортасын зерттеу жолы арқылы нақты белгілі бір адамның жеке мәселесін шешуге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс
10.	Социальная работа: введение в профессиональную деятельность: Оқу құралы / Ред. А.А. Козлов. - М.: КНОРУС, 2005.		өмірлік қиын жағдайларға тап болған тұлғаларға, әлеуметтік топтарға, қоғамдастықтарға көмек көрсету, психоәлеуметтік қабілеттіліктерін қалпына келтіру және арттыруға бағытталған кәсіби қызмет түрі

Әдебиеттерде жалпы «әлеуметтік - педагогикалық жұмыс» ұғымына 30-дан астам анықтама берілген.

Сонымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс – тәрбие жоспарының тәжірибелік жүйесі, қоғамдық қарым - қатынасты ізгілендіру, жаһандық білім беру принциптері негізінде қоршаған ортаны қайта құру және жаңғырту, білім алушылардың тұлғалық өзін - өзі жетілдіру барысында рухани- адамгершілік және интеллектуалдық, эстетикалық, денелік күштерінің еркін дамуына жағдай жасау, педагогикалық білім мен озық тәжірибе арқылы әлеуметтік ортада және баланың отбасында туындайтын әлеуметтік мәселелерді шешу бағытындағы әлеуметтік және педагогикалық іс-әрекеттер.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – Алматы: Юрист, 2013. – 44 б.

2. Әлеуметтік педагогика: Дәрістік курс: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы/Ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. ВЛАДОС Баспасы, 2003. - 416 б.
3. Социальная работа: введение в профессиональную деятельность: Оқу құралы/ Ред. А.А. Козлов. - М.: КНОРУС, 2005.
4. Әлеуметтік педагогика: энциклопедия /Ред.И.Д.Зверевой. - Киев, 2008
5. Теория социальной работы: Учебник/ Ред. проф. Е.И. Холостовой. - М.: Юрист, 1998.
6. М.В. Фирсов. Введение в теоретические основы социальной работы. (историко-понятийный аспект). - М: «МОДЭК», 1997.
7. Писарев В.Е., Писарева Т.Е.. Теория педагогики. - Воронеж: Изд-во «Кварта», 2009.
8. Әлеуметтік педагогика: Дәрістік курс: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы/Ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. ВЛАДОС Баспасы, 2003. - 416 б.
9. Воронин А.С. Словарь терминов по общей и социальной педагогике. -Екатеринбург, 2006.
10. Общие основы педагогики; О.С.Гребенюк, М.И.Рожков., - Владос-Пресс, 2004.

ӘОЖ 159.1.21

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛАТЫН БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАСЫ

Орынбекова Айнұр

ainur-samatovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А. Айтышева

Адамзат психикасының қалыптасуында, оның мәдени жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының одан әрі дамып-жетіліп қалыптасуына тілдесу қатынасының тигізер әсері мол. Психологиялық тұрғыдан дамып жетілген адамдармен тілдесудің кеңінен таралған мүмкіндіктерінің арқасында адам өзінің жоғарғы танымдық қабілеттері мен қасиеттеріне иеленеді. Бұл жас уақытында кішкентай бала өзіне қажетті барлық адамгершілік, психикалық, мінез-құлықтық қасиеттеріне тек қана басқа адамдармен тілдесу қатынасы арқылы иеленеді, себебі жасөспірімдік жасқа толмайынша ол өзін-өзі тану, өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттеріне ие бола алмайды.

Баланың психикалық жетілдірілуі қоршаған ортадағы адамдармен тілдесу қатынасынан бастау алады. Бұл нәрестелік кезеңдегі әлеуметтік белсенділіктің негізгі формасы, сондай-ақ онтогенезде қалыптасатын алғашқы түрі болып табылады. Осындай тілдесу қатынасының арқасында нәресте өзіне қажетті барлық ақпараттар мен басқа адамдар тарапынан қолдауға ие болады. Психикалық дамып-жетілдірудің негізгі құралы мен шарты болып табылатын пәндік іс-әрекетке келетін болсақ ол сәл кейінірек пайда болады, өмір жасының екінші жылында.

Тілдесу қатынасында алғашында тікелей еліктеу арқылы (ұқсастыққа үйрену), кейін барып ауызша нұсқаулар (ауызша) арқылы баланың негізгі өмірлік тәжірибесі қалыптастырылады. Кішкентай бала тілдесетін адамдар бала үшін берілген тәжірибені тасымалдағыштар болып табылады, бала тәжірибе алудың осы жолынан басқа, яғни қоршаған үлкен адамдармен тілдесу сияқты, басқа ешқандай жол арқылы мұндай тәжірибеге қол жеткізу мүмкін емес. Тілдесу қатынасының қарқындылығы, оның құрамының әртүрлілігі, мақсаттары мен құралдары кішкентай баланың психикалық дамып жетілуін анықтайтын негізгі маңызды факторлары болып табылады.